

С.А. Августхан, Р.А. Медиев

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы,
Қосшы қ., Қазақстан Республикасы*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚПЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚОРҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Мақала Қазақстан Республикасында тұрмыстық зорлық-зомбылық кезінде туындайтын қорқытудың кейбір проблемаларын талдау мақсатында орындалды. Мақалада жәбірленушілер кездесетін қорқытудың әртүрлі формалары, соның ішінде психологиялық зорлық-зомбылық талданды. Негізгі назар құрбандарды қорғаудың құқықтық және әлеуметтік тетіктеріне аударылады, сондай-ақ қолданыстағы заңнамалық және нормативтік актілердің тиімділігі зерттелді. Авторлар тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес саласындағы заңнаманың ағымдағы жай-күйіне талдау жүргізіп қана қоймай, Қазақстан Республикасының қылмыстық-құқықтық заңнамасында жәбірленушілердің құқықтарын қорғауды күшейту бойынша ұсынымдар ұсынады. Зерттеу қылмыстық-құқықтық аспектілерге және статистикалық деректерді талдауға негізделген, бұл Қазақстан Республикасындағы проблеманың ауқымы мен ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: тұрмыстық зорлық-зомбылық; балалардың қауіпсіздігі; қорқыту; психологиялық зорлық-зомбылық; жәбірленуші; қылмыстық құқық; қадір-қасиет.

С.А. Августхан, Р.А. Медиев

*Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан,
г. Косшы, Республика Казахстан*

НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ УГРОЗ, СВЯЗАННЫХ С ДОМАШНИМ НАСИЛИЕМ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация. Статья выполнена в целях рассмотрения некоторых проблем угрозы, совершаемые при домашнем насилии в Республике Казахстан. Анализируются различные формы угроз, с которыми сталкиваются жертвы в виде психологического насилия. Основное внимание уделяется правовым и социальным механизмам защиты жертв, а также изучается эффективность существующих законодательных и нормативных актов. Авторами проведен анализ не только текущего состояния законодательства в области борьбы с домашним насилием, но и предлагаются рекомендации по усилению защиты прав жертв в уголовно-правовом законодательстве Республики Казахстан. Исследование базируется на уголовно-правовых аспектах и анализе статистических данных, что позволяет глубже понять масштабы и особенности проблемы в Республике Казахстан.

Ключевые слова: домашнее насилие; безопасность детей; угроза; психологическое насилие; потерпевший; уголовное право; достоинство.

S.A. Avgustkhan, R.A. Mediyev

*The Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan,
Kosshy c., the Republic of Kazakhstan*

SOME THREAT PROBLEMS RELATED TO DOMESTIC VIOLENCE IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract. The article is conducted with the purpose of examining some issues of threats made in domestic violence in the Republic of Kazakhstan, where it explores complex issues related to threats arising in the context of domestic violence in Kazakhstan. The article analyzes various forms of threats faced by victims in the form

of psychological violence. The main focus is on legal and social mechanisms for victim protection, as well as examining the effectiveness of existing legislation and regulatory acts. The authors analyze not only the current state of legislation in the field of combating domestic violence but also offer recommendations for enhancing the protection of victims' rights in the criminal law of the Republic of Kazakhstan. The study is based on criminal-legal aspects and the analysis of statistical data, which allows for a deeper understanding of the scope and characteristics of the problem in the Republic of Kazakhstan.

Keywords: domestic violence; children's safety; threat; psychological violence; victim; criminal law; dignity.

DOI: 10.52425/25187252_2024_32_73

Кіріспе. Кез келген демократиялық, құқықтық қоғамда адам құқықтары мен бостандықтары ең бірінші орында тұруы қажет. Еліміздің Конституциясында «ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды», деп атап көрсетілген¹.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Отбасылық зорлық-зомбылықты қылмыс санатына жатқызу мәселесі қоғамда көптен бері талқыланып жүр. Құқық қорғау органдары бұл ұсыныстың дұрыс екеніне күмәнмен қарайды. Себебі, мұндай тұрмыстық жағдайларды анықтау оңай емес, яғни осындай оқиғаларды тергеп-тексеру қиынға соғады. Бұл сөздің де жаны бар. Бірақ, қалай десек те, отбасылық зорлық-зомбылыққа көз жұма қарауға болмайды. Отбасында ойран салатындар жазаға тартылмаса, олар одан бетер басынып кетеді. Ал жапа шеккендер мүлдем қорғаусыз қалады. Мұндай әрекеттер үшін жазаны күшейтетін кез келді деп санаймын. Зардап шеккен жандар елдің сөзінен немесе біреудің қысым жасауынан қорықпауы қажет. Сондықтан, полиция қызметкерлері олармен өте мұқият жұмыс жүргізіп, тиісті шаралар қолдануы керек», деп атап өтті².

Баяндалғаннан көріп отырғанымыздай, Мемлекет басшысы тұрмыстық зорлық-зомбылықпен байланысты құқық бұзушылықтарды қылмыс санатына жатқызу

туралы өзекті сұрақты көтеріп, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық үшін жазаны қатаңдатуы тапсырған.

Қазіргі кезде елімізде зорлық-зомбылық, оның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылықпен байланысты жасалған заңға қайшы, қоғамға қауіпті іс-әрекеттер қатаң жазаланады. Оған дәлел ретінде, 2024 жылдың сәуір айында мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды.

Әдістер мен материалдар. Мақаланы жазу барысында Қазақстан Республикасының және шетелдердің қылмыстық заңнамалары пайдаланылады.

Сонымен қатар мақалада Отандық және шетелдік авторлардың тұрмыстық зорлық-зомбылықпен, қорқытумен байланысты еңбектері мен дереккөздері, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 2023 жылға Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексіндегі қорқыту бабы бойынша тіркелеген қылмыстық құқық бұзушылықтар саны, әйелдерге қатысты, кәмелеттік жасқа толмағандарға қарсы жасалған іс-әрекеттер,

¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы: Конституция 1995 ж. 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (жүгінген күні: 29.04.2024).

² Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам / Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – 2022 ж. 1 қыркүйектегі [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> (жүгінген күні: 27.05.2024).

сотқа жолданғаны, жас шамасы аралығы көрсетілген жәбірленушілер, құқық бұзушы туралы ақпараттар көрсетілген.

Отбасылық тұрмыстық қарым қатынас шеңбері аясындағы зорлық зомбылыққа ұшыраған адамдардың құқықтарын қорғауды реттеудің кейбір аспектілеріне зерттеу жүргізу барысында қарастырылып отырған саладағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар мен қорытындылар шығара отырып, аталған адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған қылмыстық заңнама нормаларына салыстырмалы құқықтық зерттеу әдістері қолданылады. Және де жалпы ғылыми және арнайы жүйелік құқықтық әдістері қолданылады.

Логикалық әдісті қолдану қылмыстық құқық бұзушылықтардың негізгі белгілерін анықтаған кезде қылмыстық заңнама нормаларына талдау жүргізуге, қылмыстық заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер, талқылау. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес (бұдан әрі – Заң) тұрмыстық зорлық-зомбылық – отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға (басқаларға) қатысты дене зардабын және (немесе) психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті (іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі)³.

Берілген ұғымнан, отбасылық тұрмыстық қарым қатынаста психикалық зардап

келтіру, тұрмыстық зорлық зомбылық болып табылатынын байқауға болады. Заңға сәйкес, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың бір түрі, психологиялық зорлық-зомбылық – адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, бопсалау немесе құқық бұзушылықтарды немесе өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу (еріксіз көндіру) арқылы арнамысы мен абыройын кемсіту⁴.

Қазіргі қолданыста жүрген Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 115 бабында (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының ҚК) өлтірумен немесе денсаулыққа ауыр зиян келтірумен, сол сияқты қорқытудың іске асатынына қауіптенудің жеткілікті негіздері болған кезде адамның жеке басына өзгедей ауыр күш қолданумен не мүлікті өртеп жоюмен, жарылыс жасаумен немесе өзге жалпы қауіпті тәсілмен қорқытқандығы үшін қылмыстық жауаптылық белгілейді⁵.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараты бойынша 2023 жылы барлығы 140 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген, оның ішінде 94 әйелдер мен кәмелеттік жасқа толмағандарға қарсы жасалған, яғни басым бөлігі отбасылық тұрмыстық қарым қатынаста жасалады деуге негіз бар (1 кесте).

2023 жыл	Тіркелеген қылмыстық құқық бұзушылық	Әйелдерге қатысты жасалған	кәмелеттік жасқа толмағандарға қарсы жасалған	Сотқа жолданған
Қазақстан Республикасының ҚК 115 бабы	140	90	4	12

1 кесте

Жәбірленушілерді 21-49 аралығында отбасылық тұрмыстық қарым қатынаста топтастырғанда, көрсетілген жас болатындығын ескеріп, Қазақстан шамаларындағы адамдардың басым бөлігі Республикасының ҚК 115 бабының

³ Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы: Қазақстан Республикасының 2009 ж. 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214_ (жүгінген күні: 29.04.2024).

⁴ Сол жерде.

⁵ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 ж. 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ [Электрондық ресурс] – Ай-

налыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (жүгінген күні: 29.04.2024).

жәбірленушісі деп пайымдауға болады.

2023 жыл	21-29 жас шамасы аралығындағы жәбірленушілер	30-39 жас шамасы аралығындағы жәбірленушілер	40-49 жас шамасы аралығындағы жәбірленушілер
Қазақстан Республикасының ҚК 115 бабы	23	46	34

2 кесте

Сонымен қатар төменде берілген 3, 4 және 5 кестеде, Қазақстан Республикасының ҚК 115 бабында көзделген іс-әрекетті жасайтын құқық бұзушының жас шамасы, жұмысы мен білімі көрсетілген. Кестеден көргеніміздей орта жас буын, жұмыссыздар, білімі орта және арнайы орта, ішімдік ішкен адамдардың құқық бұзушылықты көп жасағандығын көреміз.

2023 жыл	21-29 жас шамасы аралығындағы құқық бұзушылар	30-39 жас шамасы аралығындағы құқық бұзушылар	40-49 жас шамасы аралығындағы жәбірленушілер	50-59 жас шамасы аралығындағы жәбірленушілер
Қазақстан Республикасының ҚК 115 бабы	4	17	3	3

3 кесте

2023 жыл	құқық бұзушылар - жұмысшы	құқық бұзушылар - жұмыссыз	құқық бұзушылар - білімі жоғары	құқық бұзушылар - білімі орта және арнайы орта
Қазақстан Республикасының ҚК 115 бабы	2	25	4	25

4 кесте

2023 жыл	ішімдік ішіп құқық бұзушылық жасаған	құқық бұзушылар - бұрын соңды құқық бұзушылық жасаған	Сотталғандығы алынбаған
Қазақстан Республикасының ҚК 115 бабы	12	10	3

5 кесте

Қазақстан Республикасының ҚК 115 бабында көзделген заңға қайшы іс-әрекеттер жасалған кезде адамдардың өмірі мен денсаулығына қол сұғу қаупін тудыратын, өлтіремін немесе денсаулыққа ауыр зиян

келтіремін деп, сол сияқты қорқытудың іске асатынына қауіптенудің жеткілікті негіздері болған кезде адамның жеке басына өзгедей ауыр күш қолданумен не мүлікті өртеп жоюмен, жарылыс жасаумен немесе өзге

жалпы қауіпті тәсілмен қорқытқандығы, және қорқытудың іске асатындығына қауіптенудің жеткілікті негіздері бар екендігі арқылы сипатталады. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде қорқытудың нақты түрлері өлтіру, денсаулыққа ауыр зиян келтіру, адамның жеке басына өзгедей ауыр күш көрсету, мүлікті өртеу, жарылыс жасау, жалпыға қауіпті тәсілді қолдану нақты көрсетілген. Қорқытуды білдіру тәсілі әр түрлі болуы мүмкін ауызша, жазбаша, белгі беру басқа бір адам арқылы айту немесе белгілі бір нақты іс-әрекеттер жасау арқылы болуы мүмкін.

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтарды саралау, жауаптылық мәселелері бойынша еңбектер жазып, зерттеулер жүргізіп жүрген ғалымдардың ой пікірлеріне назар аударатын болсақ, С.М. Рахметов өзінің «Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау» атты еңбегінде аяқталмаған қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралауды, Қазақстан Республикасының ҚК 115 бабындағы көзделген іс әрекеттерден ажыратуды атап өткен. Яғни, Қазақстан Республикасының ҚК 115 бабындағы көзделген өлтірумен немесе денсаулыққа ауыр зиян келтірумен, сол сияқты қорқытудың іске асатынына қауіптенудің жеткілікті негіздері бар нақты іс-әрекеттер екендігі көрсетілген [1, 99-б.].

С.М. Рахметовтың пікірімен келісеміз, себебі жасалынған заңға қайшы, қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді аяқталмаған қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажыратып, дұрыс саралау әділ сот жазасын орнатуда маңызы зор.

«Жас балалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі қылмыстық заңнаманы жетілдірудің кейбір аспектілері» атты ғылыми еңбегінде Ә.М. Әлібекова, соңғы жылдары еліміздегі жас балалардың өмірі мен жыныстық тиіспеушілігінде қол сұғатын аса қауіпті қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысты қылмыстық кодексе енгізілген өзгерістер қажетті және уақытылы қабылданғандығын атап өтеді [2, 64-б.].

Кәмелетке толмағандар мен жас балалар

әр бір отбасының мүшесі. Олардың құқықтарын сақтап, қорғау мәселелері әр дайым бірінші орында болуы қажет деп ойлаймыз. Отбасылық тұрмыстық қарым-қатынаста жасалатын қорқыту, кәмелетке толмағандар мен жас балалардың заңмен қорғалуы тиіс құқықтарына нұқсан келтіреті сөзсіз.

А.Н. Ағыбаевтың пікірінше: «Қылмыстық жауаптылықтың негізгі шарты Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексте көрсетілген қорқыту тәсілдерінің іске асатындығына қауіптенудің жеткілікті негіздері бар екендігі болып табылады. Мұндай негіздер әр түрлі факторларды есепке ала отырып нақты жағдайларға байланысты шешіледі: кінәлінің қорқыту әрекеттерін жасау тәсілдері, оның қару-жарағының болуы; жеке тұлғасының ерекшеліктері бұрын сотталғандығы, эмоциялық жай-күйі» [3, 275-б.].

С.А. Боженок, Ресей Федерациясы қылмыстық кодексінің 119 бабында көзделген қорқытуда, объективтік жағында жәбірленушіге өлтірумен немесе денсаулыққа ауыр зиян келтірумен қорқыту, психикалық зорлық-зомбылықпен жүзеге асатын іс-әрекетті түсіндіреді [4, 62-б.].

С.А. Боженоктің, психикалық зорлық-зомбылық қорқытумен ұштасады деген пікірімен бізде келісеміз. Себебі, мақала жазу барысында психологиялық зорлық-зомбылық адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу арқылы арнамысы мен абыройын кемсіту деп атап өткенбіз.

Қарастырылып отырған мәселе сонымен қатар шетелдердің қылмыстық заңнамаларында көзделген, мысалы Германияның қылмыстық кодексінде денсаулыққа немесе өмірге ауыр зиян келтіру қауіпі, сондай-ақ жәбірленушіге немесе оның жақындарына ауыр зиян келтіруі мүмкін қылмыс жасау қауіпі қылмыс болып табылады деп белгіленген. Мысал ретінде өлім қауіпі немесе ауыр дене жарақатын келтіруге

болады⁶.

Америка Құрама Штаттарында қорқыту іс-әрекеті, мемлекеттік деңгейде реттеледі, өйткені қылмыстық заңдар негізінен штаттарға берілген. Осылайша, қорқыту туралы заңдар штаттарға байланысты өзгеруі мүмкін.

Әдетте, физикалық зиян келтіру қауіпі немесе қылмыс жасау қауіпі әртүрлі қылмыстық баптарда қарастырылуы мүмкін, мысалы, «физикалық зиян келтіру арқылы қорқыту», «өлім қауіпі» және тағы басқа. Сонымен қатар қоғам қайраткерлері немесе құқық қорғау органдарының қызметкерлері сияқты белгілі бір санаттағы адамдарға қауіп төндіретін жеке заңдар да болуы мүмкін⁷.

Қорытынды. Қазақстан Республикасының ҚК 115 бабында көзделген қорқыту отбасындағы тұрмыстық қарым қатынаста жасалған кезде латентті болуы мүмкін. Оған отбасы мүшелерінің немқұрайлы қарауы немесе шынайы қорыққандықтарынан құқық қорғау органдарына, жақындарына

хабарламауы, асыраушыларының отбасылық кірістерінен айырылып қалғысы келмейтіндіктері тағы басқа себептері жатуы мүмкін.

Қорқыту бабы қазіргі кезде, қылмыстық теріс қылық болып табылады және отыз тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алумен жазаланады. Заңға қайшы, қоғамға қауіпті қорқыту қолсұғушылық жасағаны үшін кінәлі адамдардың жауаптылығын қатаңдату мақсатында Қазақстан Республикасының ҚК-нің 115-бабына, аталған бап бойынша жәбірленуші болып табылатын адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады: Қазақстан Республикасының ҚК 115-бабының (Қорқыту) 2-бөлігін келесі редакцияда «2-1. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттер, егер отбасылық тұрмыстық қарым қатынаста немесе өзгедей материалды тәуелді адамға, адамдарға қатысты жасалса-»,».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рахметов, С.М. Квалификация уголовных правонарушений: науч.-практ. пособие / С.М. Рахметов. – Алматы: Издательство LEM, 2019. – 220 с.
2. Әлібекова, Ә.М. Жас балалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі қылмыстық заңнаманы жетілдірудің кейбір аспектілері / Ә.М. Әлібекова // Құқық қорғау органдары академиясының жаршысы. – 2024. – № 1 (31). – 60-66 б.
3. Ағыбаев, А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер / А.Н. Ағыбаев. – Алматы: Жеті жарғы, 2015. – 768 б.
4. Боженок, С.А. Квалификация преступлений против личности: учебное пособие / С.А. Боженок. – Москва: Проспект, 2015. – 96 с.

References:

1. Rahmetov, S.M. Kvalifikacija ugovolnyh pravonarushenij: nauch.-prakt. posobie / S.M. Rahmetov. – Almaty: Izdatel'stvo LEM, 2019. – 220 s.
2. Əlibekova, Ə.M. Zhas balalardıń qúqıqtarı men bostandıqtarın qorǵau zhənindegı qılmıstıq zańnamanı zhetildirudıń kejbir aspektileri / Ə.M. Əlibekova // Qúqıq qorǵau organdarı akademijasınuń zharshysy. – 2024. – № 1 (31). – 60-66 b.
3. Aǵybaev, A.N. Qazaqstan Respublikasınuń Qılmıstıq kodeksine tısındirme. Zhalpy zhəne Erekshe belikter / A.N. Aǵybaev. – Almaty: Zheti zhargy, 2015. – 768 b.
4. Bozhenok, S.A. Kvalifikacija prestuplenij protiv lichnosti: uchebnoe posobie / S.A. Bozhenok. – Moskva: Prospekt, 2015. – 96 s.

⁶ German Criminal Code (Strafgesetzbuch – StGB). Bundesministerium der Justiz [Electronic resource] – Access mode: https://www.gesetze-im-internet.de/englisch_stgb/index.html (Access date: 29.04.2024).

⁷ U.S. Code Part I – CRIMES. Cornell Law School [Electronic resource] – Access mode: <https://www.law.cornell.edu/uscode/text/18/part-I> (Access date: 29.04.2024).

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT AUTHORS

Сырым Августханұлы Августхан – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының арнайы заң пәндері кафедрасының аға оқытушысы, философия докторы (PhD), e-mail: syrym_077@mail.ru.

Августхан Сырым Августханұлы – старший преподаватель кафедры специальных юридических дисциплин Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, доктор философии (PhD), e-mail: syrym_077@mail.ru.

Avgustkhan Syrym Augustkhanuly – Senior Lecturer of the Department of Special Legal Disciplines of the Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, PhD, e-mail: syrym_077@mail.ru.

Ренат Амангельдіұлы Медиев – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының арнайы заң пәндері кафедрасының аға оқытушысы, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, e-mail: rina_okp@mail.ru.

Медиев Ренат Амангельдыевич – старший преподаватель кафедры специальных юридических дисциплин Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, доктор философии (PhD), ассоциированный профессор, e-mail: rina_okp@mail.ru.

Mediyev Renat Amangeldyevich – Senior Lecturer of the Department of Special Legal Disciplines of the Law Enforcement Academy under the General Prosecutor's Office of the Republic of Kazakhstan, PhD, Associate Professor, e-mail: rina_okp@mail.ru.